

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

кісі қызығарлық жанр. Психологиялық коллизиялар мен жеке адамның жан дүниесіндегі терең тебіреністер астасып өрбіп, белгілі бір қаһарманның тағдыр жолымен ұштаса көрініп, тосын шешім тауып отыратын баллада жанры қазақ поэзиясының да барынша шеберлікті, көркемдік тартысты жіті де толымды бейнелейтін саласы саналады» [2].

Е.Раушановтың «Қызық емес оқиға» атты шағын поэмасына (ақынның өзі баллада деп атайды) арқау болған – Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы. Бұл өте кең тараған діни мифологиялық сюжет. Балладаның лирикаға тән жанр екені белгілі. Сондай-ақ лиро-эпикаға да қатысты. Яғни, бұрыннан белгілі оқиға желісі лирикалық-психологиялық шеңберде суреттеледі. Қазіргі ұғымда ауыр, өзгеше сюжеттің өлең түрінде баяндалуы болып саналатын лириканың бұл түрі романтизм дәуірінде ерекше дамыды. «Көптеген балладалар аңыздармен байланысты болса, енді біреулері ғажайып құпия уақиғалармен байланысты болып келеді. Романтикалық балладаларда әлем мистикалық, жоғарғы күштердің патшалығы түрінде көрініп, оқиға құпия шеңберде өрістейді, әрекет етуші бейнелер аруақтар, өлілер болып келеді. XX ғасырда, романтикалық дүниетанымның тоқырап, реализмнің белең алған кезінде баллада біртіндеп мистикалық сипаттан арыла бастады, дегенмен оған деген қызығушылығын мүлде жоғалтқан жоқ», – деп жазады Э.Я.Фесенко. Еуропалық әдебиеттегі баллада тарихына көз жіберсек, архетиптік балладалық сюжеттерге ерекше назар ауады. Балладалардың фольклормен терең тамырлас болып, көнелік сипатқа иеленуі синкретті лироэпикалық жырлармен байланыстырылады. Қазіргі ұлттық әдебиетімізді бұл жанрдың дамуы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік тұрғыда сан салалы. Баллада жанрының даму тарихында «дайын сюжетті» пайдалану көркемдік мақсатта жүзеге асып, сол сюжет желісі трансформацияға ұшырайды [3].

Қорытындылай келе, баллада қазақ поэзиясындағы кісі қызығарлық, ықшам оқиға мен оқуға жеңіл және қарқынды даму үстіндегі, ғылыми зерттеуді талап ететін елеулі жанр болып табылады. Бұны ақын шығармаларындағы баллада жанрына көптеп қалам тартуларынан байқауымызға болады. Демек, лириканың поэтикалық формаларының белгілерін көрсететін лирикалық жанрдың табиғаты мен қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда қарастыру мәселесі әлі де өзекті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bektursyn Kaliev, Zhanar Ramazanova «Ballad as a Genre in Kazakh Literature», European Researcher, 2012, Vol.(37), № 12-2 2175-2178
2. Irangaipovna O. M., Sovetuly Y. K. Section 7. Theory of literature. Textual criticism //The Fifth European Conference on Languages, Literature and Linguistics. – 2015. – С. 182. 183-186 бет
3. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. / Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек т.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 – 216 б. ISBN 978–601–217–333–8

ӘОЖ 12.7

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТҮРЛЕНУ

Оркенқызы Аяулым

ayaulymo37@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Қ.М.Байтанасова

Поэзия – әдебиеттің көне саласы, бірақ жасаған сайын жасара түсетін жанды саласы. Өлең өнері толастамай, үсті-үстіне құйыла беретін тасқын десек, оны бір кісінің сарқа зерттеуі

мүмкін емес нәрсе. Поэзия теориясы, тарихы, тегі бойынша зерттеу еңбектер қашан да елеулі боп келді. Оның өзектілігі өлең өнерінің өміршеңдігі мен өзгергіштігінде жатыр [1, 3].

Қазіргі қазақ поэзиясының танымал тұлғалары деп Дәулеткерей Кәпұлы, Темірхан Медетбек, Ұлықбек Есдәулет, Есенғали Раушанов, Талғат Ешенұлы, Қалқаман Сарин, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Бауыржан Қарағызұлы, Ұларбек Нұрғалым, Мирас Асан, Азамат Тасқараұлы, Арман Шеризат ағаларымыз бен Танакөз Толқынқызы, Құралай Омар, Жанат Әскербекқызы, Айжан Тәбәраққызы, Жұлдызай Ысқақпс атаймыз. Олардың шығармашылығы да белсенді түрде зерттеліп жатыр.

Ақберен Елгезек туралы белгілі ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының өзі: «... белгілі бір мөлшерде Ақберенде көпті көрген көсемдерге ғана тән, әрі кез келген уақытта шағылыса кетуі бек мүмкін әлгіндей өзара параллель екі алапат та бар болып шықты», - деп, жоғары баға берген [2]. Қазір ақынның “Көлеңкелер күбірі”, “Шексіздік сыртындағы шам”, “Шаһар кезген” сияқты жыр жинақтары бар. Шығармашылығы өзгеше, тың дүниелерге толы. Өлеңдерінде үзілмейтін цикл бар. Анығында, өлеңдерді біртұтас етіп, бір-бірімен мазмұндық, сарындық байланыста ұстап тұратын лейтмотив бар. Ол – айна. Айна лейтмотив ретінде ақынның лирикалық менінің жаны мен тәніндегі тұтастық пен бөлінушілікті табудағы құрал ретіндегі рөлге ие. Ақын өлеңдерінің басым көпшілігінде небір сұлу қызды, утопиялық мекен не уақытты аңсаудан бұрын өзін көп іздейтін психологиялық дуализм басым. “Автопортрет” өлеңінде *“Айнадағы бейнеге ұқсасам да, / Сол біреуге тартпаған ішімдегім!”*, *“Өзім, сірә, тірімін! / Қызық екен... / Денем отыр бүкішіп төсегімде”* десе, *“Аңғалақта”* сол ойын жалғастырып, *“Пері өмірін келгендей қайталағым, / Айна ішінен жанымға жай табамын”*, *“Мен өзіме қараймын айна ішінде, / Мейірімнен тұтанған от көрердей”*, *“Шымшытырық айнаның әлемінде, Өз-өзімді таба алмай сандаламын...”* деп жырлайды.

“Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты” деп Абай атамыз айтпақшы, Ақберен ақын ешқашан жай-күйін сипаттап отырған лирикалық менінің іші мен сыртының сәйкестігін көрсетпейді. Бұл дуализм концептісін еске салады. “Автопортрет” атты өлеңінде ақын *“Біреудікі – өкісігім, жымығаным”* дейді, *“Жұлыны түннің үзіледі...”* деп басталатын өлеңінде *“Тәніміз – қасқыр ырылдаған, Жанымыз – пенде, жасқаншақ. Елестеуші еді бұрын маған, Екеуін Тәңір қосқан шақ.”* *“Қасқырым ертең қылжияды, Сол ғана маған жұбаныш”* деп, ой сабақтастығын бұзбайды. Айнадан өзін іздеу мотиві негізінен әлем әдебиетінде кеңінен тараған. Мысалы, Оскар Уайльдтің “Дориан Грейдің портреті” романында бас кейіпкер өзінің сырт келбетіндегі, жан дүниесіндегі өзгерістерді қалай көрсетіп тұрғанын түсіну үшін айнаға жиі қарайды. М.Булгаковтың “Мастер және Маргарита” шығармасында да кейіпкерлер өзін-өзі түсінудің символы ретінде айнаны алады. Ағылшын әдебиетінің көрнекті ақын қызы Сильвия Платтың өлеңдеріндегі айна символы да Ерлан Жүністің шығармашылығымен үндес. “Айна” атты өлеңіндегі лирикалық кейіпкер де өзін басқадан емес, айнадан іздейді.

Ақын Ақберен Елгезек шығармашылығындағы қазақ ақындарымен де жекелеген мотивтердегі үндестік байқалады. Мысалы, “Фантасмагория” өлеңіндегі лирикалық кейіпкерінің өз басын өз қолына ұстап, сыр шертуі М.Шахановтың “Нарынқұм зауалы” поэмасындағы кейіпкердің әрекетіне ұқсас. Ал “Геометриялық ойлар” өлеңінде Ақберен Елгезектің *“Доға қылып исе сені тағдырың, / Онда артыңда – өкінішің, алдың – мұң. / О дүниемен қиылыспаса жолдарың, / Бұл дүниеде ажалы жоқ қалды кім?”* деп, тығырыққа тірелуді суреттеуі Абайдың *“Алдың жсалын, артың мұз / Барар едің қай жаққа”* жолдарымен үндес.

“Тамшыларда тұншыққан мұхиттарды” жырлаған Ақберен Елгезек жаңашылдықтан да кенде емес. Оның өлеңдері қазақ поэзиясына психологиялық ойлам-толғамдардың көп желісін әкелді. Адам бойындағы көзге бірден түсе бермейтін түрлі әрекеттерді осы Ақберен Елгезек өлеңдерінен байқап, оларды психологияның бір зерттеу нысаны етіп те алуға болады. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ “Жыр-перзент” атты тұңғыш жинағын шығарып, халыққа танылған Ерлан Жүніс ағамыздың қазір “Киелі түндердің дұғасы”, “Хауас”, “Ғаусар” атты жыр жинақтары бар.

Ақын Ерлан Жүніс өлеңдерінің сыртқы формасы жағынан да, жаңашыл сарын тұрғысынан да басқалардан ерекшеленетін ақын.

Ғалым А.Байтұрсынұлы тысқы жақтан ішкі жақтың, яғни мазмұнның формадан бір саты биік тұратынын айтқан, сондықтан алдымен мазмұн жағына талдау жасасақ. Ерлан Жүніс өлеңдерінен басқа қазақ ақындарында көп кездесе бермейтін бір еуропалық леп сезіледі. Бір ғана “Түлөңда кітап дүкенінде” өлеңінің үзіндісіне назар аударайық: *“Алматы. / Қыркүйек. / Кеш. / Кітап дүкені. / “Қожайын сағатқа қарама” / Түсінем, оны үйі күтеді...”* - дейді. Біздің назарды аудартқан қолданыс – “қожайын” сөзі. Бір ғана сөздің ішіне еуропа көшелерінің, ондағы бізде бола бермейтін жол бойындағы жекеменшік кітап дүңгіршектерінің эстетикасы сыйып тұр. Қазақтың кітапхана, ондағы кітапханашы турасындағы түсінігінен тым алшақ ой.

Кітапты да ақын өзінше *“Кітаптар сөресі — сұлудың беліндей / Майысқақ, / Ауыр ғой шалдардың салмағы”, “Мұнда да шалдар көп пыстырған жатып іш”, “Шалдар-ай, сүйемін сендерді”* деп, шалдар бейнесінде береді.

Ақынның түрлі құбылыстар мен заттар жайындағы көзқарасы да ерекше. Мәселен, “Қара түн – күнәсі әлемнің”, “Сұлулық – сұлбасы күнәнің”, “Қорқыныш – оң жақта отырған кәрі қыз” деп ауыстыруды қолданады. Оның түсінігіндегі сары түс қазақтың “сары уайым” дегендегі меланхолияны еске салады: *“Ой сары. / Мұң сары. / Жан сары”*. Өмір концепциясын да Ерлан Жүніс тың бейнеде береді: *“Өмір деген – жарты күлше / Жетім ұлдың қолындағы.”*

Поэзиядағы мекеншақ мәселесін де Ерлан Жүніс туындыларынан табуға болады. Әдебиеттанушы ғалым Т.Есембеков “Көркем мәтін теориясы” еңбегінде уақыт пен кеңістіктің негізгі түрлерін былайша жіктеген:

Кеңістік түрлері:

- а) вертикаль (жоғары, орта, төмен);
- ә) горизонталды (дүниенің төрт бұрышы, оң, сол, алды мен арты);
- б) геометриялық фигуралар пішіндес (шеңбер, үшбұрыш, квадрат, шар, т.б);
- в) алыс және жақын;
- г) шексіз немесе тұйықталған;
- ғ) динамикалық (жол, өзен), статикалық (тау, көл, мола);
- д) фантастикалық, көзге көрінбейтін (рухани әлем, сезім кеңістігі), виртуалдық және т.с.с.;
- е) онейрикалық кеңістіктер (түс, қиял, жанның түрлі күйге енуі). [3, 122]

Уақыт түрлері:

- а) тарихи, реалды (өткен, осы, келер шақ);
- ә) қоғамдық-әлеуметтік уақыт, олардың қалыптасу, өзгеру, ауысу барысы;
- б) мифологиялық-фольклорлық;
- в) фантастикалық, онейрикалық;
- г) жанрлық уақыт (романдық, эпостық);
- ғ) уақытсыздық [3, 123].

Ақын Е.Жүніс “Болашаққа хат” өлеңінде уақытқа өзгеше қарайды: *“Болашақ, мен сені өткергем”, “Болашақ, мен сені сүргенмін”, “Болашақ, мен сенде болғанмын”, “Болашақ, мен сенде туғанмын”,* - дейді. Бұл өлеңде уақыт та кеңістік те жоқ дей алмаймыз, себебі лирикалық кейіпкер бір сәтте өмір сүріп жатыр. Онейрикалық мекеншаққа жақындайды, бірақ бұл түс пен қиялдан бөлек нәрсе. Жоғарыдағы тізімге осы өлеңге қарай отырып, бәлкім, парадоксалды уақыт емес уақыттағы дилемма деген түсінікті енгізу керек шығар. Ақынның бұлай жазудағы фантазиясы біздің уақыт туралы түсінігімізге кереғар келеді. Ақын бұл арқылы болашақтың адамның ішінде, сүрген-сүрмеген уақытымыздың кілті өзіміздің қолымызда екенін символдық түрде жеткізгісі келген сияқты.

Ақынның уақытқа, дилеммаларға қарым-қатынасының салмақты, күрделі екенін одан басқа *“Уақыт баяу... тез өтеді”, “Момақан даналық, тәкәппар даналық”* деген көркемдеулерінен байқаймыз.

Мақалада шығармашылығы талданып жатқан екі ақынның да өлең графикасы жаңаша сипатқа ие. Сөзге сараң, алайда ой мен сезімге бай, интонацияға құрылған өлеңдер жас ақындар шығармашылығында кең тараған. Көбіне солай жазатын Байбота Қошым Ноғай, Талғат Ешенұлы сияқты ақындар екені белгілі. Бұрын-соңды орнықтаған бес және төрт буынды бунақтардың жүйесіз сабақтастығына құрылған форманы алғаш М.Жұмабаев “Қайың” өлеңінде *“Қайғылы қайың! / Аяныш жайың. / Сыбырлайсың, / Дірілдейсің, / Еңкейесің, / Күбірлейсің / Ызғарлы жел / Соққан*

сайын”, - деп қолданған. Мұқағали Мақатаев, Фарища Оңғарсынова өлеңдері арқылы жалғасып келген бұл форма Ерлан Жүніс, Ақберен Елгезек шығармашылығында да жиі көрініс табады. Мысалы, Ерлан Жүністе “Алматы. / Қыркүйек. / Кеш. / Кітап дүкені.”, “Жүдедім, / Жаздым, / Қамықтым, / Сағынғам, / Сүйгем, / Жалықтым, кешір / Бәрінен, досым, жалықтым!” дейді, Ақберен Елгезек “Қала шеті. / Күл-қоқыс. / Жаздың күні тымырсық.”, “Сансыз белгі... / Түсінбегенмін. / Байқамағанмын. / Сезінем...” деп жырлайды. Бұндай қолданыстың басты мақсаты – өлеңдегі әр сөзге дербес назар аударып, сөзді ақынның өзі аяқтамай, оқырманның көңіл таразасына үлкен ойды жүктеу.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ поэзиясы көркемдік те, идеялық та, форма жағынан да өзгеріп, түрленуде деген тұжырымға келеміз. Өлеңдегі дәстүрді сақтай отырып, оған жаңаша көркемдік үстей білу де ақындықтың асқақтығын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. - Алматы: Жазушы, – 1973. – 230 б.
2. “Қазақ әдебиеті” газеті, №11, 10.11.2006
3. Есембеков Т. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 185 б.
4. Майтанов Б. Сөз сыны: XX ғасыр әдебиетінің көріністері: зерттеулер, мақалалар, портреттер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 342 б.
5. Елгезек А. Көлеңкелер күбірі. Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2009 – 146 б.
6. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 315 б.
7. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. – Алматы: Хантәңірі, 2014 – 324 б.
8. Жүніс Е. Киелі түндердің дұғасы. Өлеңдер. – Астана: Профи Медиа, 2011 – 160 б.
9. Жүніс Е. Арманшыл таңның бұлттары. Өлеңдер. – Алматы: Толағай Т, 2017 – 157 б.

ӘОЖ 17.07.31

«МӘНГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Оспанова Маржан Толешовна
tarbie-ayagoz@mail.ru

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің магистранты, Семей қ.,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Ш.С.Кеңесбаева

Әрбір көркем шығарманың тақырыбы – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы. Ал шығарманың идеясы – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, немесе өмір құбылысына берген бағасы.

Қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді тақырыптық ерекшелігіне қарай саралағанда негізгі тақырыптарға сыншылық-философия, діни-философиялық, азаттық, қоғамдағы әлеметтік жағдайлар (қоғамның бет-бейнесі), ұлттық менталитет, экологиялық т.б. жатқызуға болады.

Табиғатқа жасалып жатқан жойқын апат, қастандықтың кесірі жер бетіндегі адамзатқа атылған оқ екендігін ескертіп, әдеби кеңістікке экология тақырыбын әкелді.

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазушы Роза Мұқанованың шығармаларының ішіндегі мектеп бағдарламасында берілетіні бір ғана туындысы – «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі. Бұл шығарма 8 сыныпта Блум таксономиясына сәйкес «Түсіндіру және білу» дағдысын меңгерту мақсатында берілген. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір тоқсанда бірнеше оқу мақсаттары берілетіндігі белгілі.